ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ЖОБА

3 бет

ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ – ЭКОНОМИКА ӘЛЕУЕТІНДЕ

4 бет

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ 10 КҮН

5 бет

Газет 1953 жылдың 18 ақпанынан шыға бастады

Исатай аудандық қоғамдық-саяси газеті

НАРЫН ТАҢЫ

№ 40 (4253)
10 ҚАЗАН
ЖҰМА, 2025 ЖЫЛ

www.naryntany.kz

www.facebook. com/naryn_tany2009 naryntany naryn_tany2009@mail.ru

АЙТЫС

ТӨЛ ӨНЕРІМІЗ – НАРЫННЫҢ ТӨРІНДЕ

ақындар Аққыстауды жырға бөледі

Ұлт рухының ұйытқысы, елдіктің жаршысы болған айтыс – халқымыздың баға жетпес мұрасы. Сол рухани қазынамыз көптен бері сахна төрінде көрінбей, исатайлық көрермен де сәті түскен дүбірлі додаға шөліркей қарап жүрген еді. Осы үміт ақталып, аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен аудандық «Жалын» мәдениет үйінің сахнасында «Ерлері ерен, тарихы терең – Нарыным» атты облыстық ақындар айтысы дүркіреп өтті. Иә, айтыс – елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, ақиқат пен әзілді жарастыра өрген сөз сайысы. Бұл жолы додаға облыстың түкпір-түкпірінен келген 12 жүйрік ақын қатысып, көрерменге рухани кеш сыйлады.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ

МАРАПАТ

АЛТЫН ҚҰРСАҚ АНАЛАР АРДАҚТАЛДЫ

Елдің еңсесін тіктеп, ұлттың ұйытқысы болып отырған аналар – өмірдің бастау бұлағы, берекенің алтын діңгегі. Бүгінгі қоғамның қуаты да, ертеңгі ұрпақтың болашағы да олардың жүрегіндегі мейір мен төзімге сүйенеді. Көп балалы отбасы – елдің демографиялық әлеуетін арттырып, ұлттың түп тамырын нығайтатын басты тіректердің бірі. Сондықтан да аналық еңбекті ұлықтау, көп балалы аналардың мерейін көтеру – мемлекет тарапынан көрсетілген ең үлкен құрметтің бірі. Осыған орай жуырда аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өткен салтанатты жиында көп балалы аналарға мемлекеттік наградалар табысталып, ерекше қуанышқа толы сәтке айналды.

Жалғасы 3-бетте

БАСПАСӨЗ -2026

«НАРЫН ТАҢЫНА» жазылу басталды

Қадірлі оқырман! Ауданның төл басылымына 2026 жылға жазылу басталды.

Жазылу бағасы 6 айға:

аудан көлемінен жазылушы жеке тұлғалар үшін - 2310,10 теңге,

заңды тұлғалар үшін - 4106,10 теңге.

Атырау қаласынан жазылушы жеке тұлғалар үшін - 2310,10 теңге,

заңды тұлғалар үшін - 5293,26 теңге.

Жазылу бағасы 12 айға:

аудан көлемінен жазылушы жеке тұлғалар үшін - 4620,20 теңге,

заңды тұлғалар үшін - 8212,20 теңге.

Атырау қаласынан жазылушы жеке тұлғалар үшін - 4620,20 теңге,

заңды тұлғалар үшін - 10586,52 теңге.

Төл басылымыңыз төріңізден табылсын десеңіз, 2026 жылға жазылып қоюға асығыңыз. Сіз сол әрекетіңізбен өз ауданыңыздың түзу тірлігіне тілеулестігіңізді танытасыз, рухани азығыңыздан да құр қалмайсыз.

Жазылу «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелерінде жүргізілуде.

ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ

Газет индексі: жеке тұлғалар үшін – 66581, заңды тұлғалар үшін –16581

АУА РАЙЫ

10.10	+ 20	+ 10
11.10	+ 17	+ 9
12.10	+ 17	+ 10
13.10	+ 16	+ 8
14.10	+ 16	+ 9
15.10	+ 16	+ 10

© Gismeteo

ТЕҢГЕ БАҒАМЫ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Елімізде өңірлерді дамыту мен көлік-логистикалық инфрақұрылымды жетілдіру – мемлекеттің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Себебі жол – тек көлік қатынасы емес, ол – ел мен елді, адамдар арасындағы байланысты нығайтқан алтын көпір. Осындай игі қадамның бірі – Нарын ауылын аудан орталығы Аққыстаумен байланыстыратын жаңа автобус бағытының ашылуы.

Ауданның батысында орналасқан Нарын ауылы — республикалық маңызы бар автожолдан шалғайда жатқан елді мекендердің бірі. Кезінде шойын жол қақ жарып өткен бұл ауылдың тұрғындары үшін аудан орталығына қатынау ұзақ жылдар бойы күрделі мәселе болып келген еді. Көлік қатынасының шектеулігі күнделікті тұрмысқа ғана емес, әлеуметтік байланыстың да әлсіреуіне әсер еткен. Енді, міне, көптің көкейіндегі тілек орындалды — Нарын мен Аққыстау арасын жалғайтын тұрақты автобус бағыты іске қосылды. Бұл бастама аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ұсынысымен, «БатысТехИнвест» ЖШС-нің қолдауымен жүзеге асты.

Жаңа бағыттың ең басты ерекшелігі — қолжетімділігі. Билет бағасы небәрі 300 теңге. Мұндай тиімді тариф — тұрғындар үшін үлкен жеңілдік. Енді нарындықтар аудан орталығындағы емханаға, базарға, түрлі мемлекеттік мекемелерге еш қиындықсыз қатынай алады.

Нарын ауылдық округінің әкімі Асқар Абуов бұл жаңалықты ауыл халқының көптен күткен қуанышы деп бағалады.

— Бұрын қатынас мәселесі біраз қиындық тудырып келген. Енді жаңа бағытта қоғамдық көліктің жолға шығуы халықтың көңілінен шығып отыр. Аудан басшылығына, жауапты бөлімдерге және қолдау көрсеткен азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз,-дейді ол.

Осылайша жаңа бағыттың ашылуымен аудандағы барлық ауылдық округтер аудан орталығына тұрақты автобус қатынасымен толық қамтылды. Бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп, ауыл мен қала арасындағы байланысты нығайтқан маңызды қадам болды.

Еркебұлан ЗИНЕДЕН